

**100 EGDEN QAZAQSTAN**

## Тархан текті редактор

Осыдан бір ғасыр бұрын ұлтының болашақ бас газетіне айналар «Ұшқынның» алғашқы нөмірінің тұсауын кескен адамның есімі – Халел Есенбаев еді. Бірақ жетпіс сегіз жыл бойы оның аты-жөні кейінгі ұрпаққа белгісіз болып келді. 1997 жылдың 22 ақпанында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Ұшқынның» редакторы болдым...» деген жарияланымнан кейін ғана Халел басылым көшбасшыларының қатарына қосылды. Газетті басқарған белгілі тұлғалармен бірге қарашаңырақ тарихында туғырланды.



*Суреттерде: Халел Есенбаев, отызынышы жылдар (сурет тұңғыш рет жарияланып отыр); Халел Есенбаевтың (сол жақтан бірінші) отбасы (сурет тұңғыш рет жарияланып отыр)*

Аталған мақаланың авторы ретінде сол бір көлемді зерттеудің мазмұнына қысқаша тоқтала кетейін. Газет шежіресінде бұрын-соңды аталмаған, энциклопедияға енбеген, есімі беймәлім, бейнесі белгісіз адамды «Егемен Қазақстанның» тұңғыш редакторы деп мәртебелеу үшін архив құжаттары мен тарихи деректерге жүгіндік. Алғашқы қазақ үкіметінің ұлгісі болған Орда қаласында шыға бастаған ұлт ұранды «Дұрыстық жолы» газетінде, «Мұғалім» журналында қалам ұштаған Халелдің 1919 жылдың 17 желтоқсанында Орынборда бірінші нөмірі шыққан «Ұшқын» ізашары болғаны кейіннен табылған өмірбаяндық деректері арқылы күмәнсіз дәлелденді. Осы орайда өз қолымен жазылған анкетасындағы: «Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитетінің органы «Ұшқынның» редакторы болдым» деген мәліметтен кейін Есенбаевты елеусіз қалдыра алmas едік. Сол мақалада редакциялық алқа мүшелері арасынан Х.Есенбаевтың ұжым жетекшілігі ретінде алға шығаруды ғана мақсат етіп, жеке өміріне қатысты мағыналы мәліметтерді кейінгे қалдыра тұрғанбыз. Газеттің одан бергі белесті мерейтойларында Бернияз Күлеевті, Мұхтар

Әуезовті, Жұсіпбек пен Бейімбетті көшбасшылар қатарына қоюға орай ізденістерге бет бұрып, Халелдің өмірбаянына кешеуілдеу оралып отырымыз.

«Ұшқынның» шежіресін тыңдан бастайтын мәліметтерге алғаш дән қойғызыған Батыс Қазақстан облыстық архивінен табылған деректер еді. «Кеңестік маман қызметкерлерді есепке алу жөнінде Халел Мұхаметжанұлы Есенбаевтың анкетасы» делінетін 7 беттік құжат (312-қор, 2-тізімдеме, 24-іс, 1-байлам) тұлға туралы біршама мәліметке қанықтырды. 1923 жылдың 22 сәуірінде толтырылған жеке сауалнамада Халелдің 1892 жылы туып, Орынбордағы Құсайын медресесін тәмамдаған мұғалім екендігі жазылыпты. 1919 жылдың 21 ақпанынан РК(б)П мүшесі. Анкетаның атау жолдары мен сұрақтары орталықтың қатаң тәртібіне сай нақты жауаптар талап ететінін әрі әрбір мәлімет Халелдің өз қолымен толтырылғанын ескерсек, өмірбаянынан қандай да мұлт кетуі мүмкін емес екен.

Әсіресе, «Мамандық» тарауындағы біз үшін маңызды 9-сұраққа жауабында ол 1923 жылы: «Работал чл. редколлегии орг. Букгубисполкома «Киргизская правда», «Дурустук жолы», журнала «Мугалим», редактором органа Киркрай Ревкома «Ушкун» – в 1918 и 1919 годах, орг. Букгубкома «Энбек», перевел на киргизский язык Конституцию РСФСР и т.п.» деп жазады.

Зер салып қайта оқыдық. Біріншіден, бөкейлік алғашқы үш басылымды айтқанда Халел «редакциялық алқаның мүшесі болды» дейді де, «Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитетінің органы «Ұшқынның» редакторы болды» дегенді жекелеп анық жазыпты. Екіншіден, аталған басылымдарда оның 1918 және 1919 жылдары жұмыс істегені айтылып тұр. Бұдан Х.Есенбаевтың «Ұшқынның» алғашқы нөмірлерін шығаруға басшылық жасағаны көрінеді.

Архив деректерінен Халелдің 1920 жылдың 20 сәуірінен бастап Таловка уездік атқару комитетінің төрағасы болғанын және сол жылы Қазақ АССР-інің тұнғыш Құрылтай съезіне делегат болып сайланған кезде қайтадан Бөкей губерниялық комитетінің үгіт-насихат және баспасөз бөлімінің менгерушісі қызметінде жүргенін көруге болады. Аталған құжат Халелдің 1914-1917 жылдары мұғалім болғанын, орыс тілін жетік білетінін, отбасында алты адам – анасы, інісі, үш қарындасты, әйелі бар екендігін, Бөкей губерниясын, бұрынғы Орал облысының Ақтөбе және Темір уездерін жақсы білетінін нақтылай түседі.

Алайда, есімі ұрпақ санасынан ұмытылған, «Егемен Қазақстан» газетінде 78 жылда қызмет істегендер тізіміне журналистер, корректорлар, мәшінке басушылар түгел жазылғанда, аты-жөні енбей келген адамды «Ұшқынның» тұнғыш редакторы ретінде таныту үшін дәлелді құжаттар іздей түстік. Орал архивінен 1919 жылдың қазан айында Казревком мүшелері Ахмет Байтұрсынұлы, Сейітқали Мендешев, Мұхамедияр Тұнғашин, Фабдолхәкім Бекейханов, Шафхат Бекмұхамедов, Алма Оразбаева қатысқан Қазақ үкіметінің газетін шығару жөніндегі мәжілістің хаттамасы табылды. Хаттамадан оған қатысқан басқа да адамдардың аты-жөнін оқимыз: «Кирг. Кр. комиссариат по военным делам: помощник политпросветуправления

А.Менешев и политкомиссар эскадрона при Кирвоенкомисариате т.Утегенов агитаторы-организаторы, прибывшие из Москвы.

Представители Букеевского областного отдела Нар. обр. т.т. Исенбаев и Бегалиев И.

Председателем собрания избран тов. А.Байтурсынов, при секретаре тов. Менешева».

Яғни, газет шыгару жайын талқылаған мәжіліске Мәскеуден келген үгітшілер, баспа бөлімінің қызметкерлері және Бекей облыстық ағарту бөлімінің өкілдері Халел Есенбаев пен Есмұхамед Бегалиев қатысқан. Соңғы екеуінің мәжіліс хаттамасында басқалардан бөлек жеке жолмен жазылуы қаралып отырған мәселеге ерекше қатысты адамдар екенін аңғартады. Ахан мен Эмірғали түзген жиналыш қаулысы: «По обмене мнениями единогласно постановлено: немедленно выпустить офиц. орган Кирг. Рев. Комитета под названием «Ушкун», т.е. «Искра». При чем для управления газетным делом избирается редакц. коллегия из следующих товарищей, 5 лиц: Халила Исенбаева, Ишмухамеда Бегалиева, Тимимдара Сафиева, Амирғали Менешева, Бернияза Кулиева. Коей поручить немедленно приступить к изданию газеты» деп міндеттейді.

Бес адамдық редколлегияның тізімінде бірінші тұруы да алғашқы нөмірлерінде «Шығарушы-жазушылар құрамасы» деп қол қойған редколлегияға жетекшілік жасаған, яғни, редакторы болған Х.Есенбаев деп айтуға бір негіз. Редакторлыққа партия мүшесі, ысылған журналист, Конституцияны қазақшаға аударған сауатты адамды таңдал қою да сол кездің талабына сай келіп тұр.

Шығарушылар құрамына кірген бес адамның Бернияз ақыннан басқа төртеуі бұрынғы бекейлік «Дұрыстық жолында» бірге қызмет істеген әріптестер. Мәжіліске шақырылғандар тізімінде жоқ Тәмимдар Сафиевтің сырттай енгізілуге Халел Есенбаевтың айтуымен деп түсінеміз. Бұған дейін газет ардагері М.Ешмұхамбетовтің естелігіне жүгініп, «Ұшқынның» тұңғыш редакторы болды деп келген Тәмимдар Сафиевтің өмірбаянын қоса зерттеген едік. Архивтегі тіркеу карточкалары, анкеталары бойынша оның жұмыс орны: «редколлегия при Кирвоенревкому», қызметі: «член редколлегии». Ал оны қызметке ұсына алатын («специалиста может рекомендовать»): Х.Есенбаев екені де елеметін дерек.

Бекей губкомының сұрақша парагын толтырғанда Тәмимдар: «Какую советскую работу исполняли, где и когда» деген сұраққа: «по народному образованию в Урде, работал в редакции в Урде и в Оренбурге» деп жауап жазған. Орынборда дегені – «Ұшқындағы» қызметі. Анкетада ашық айтылмаған соң, Тәмимдар редакциялық алқаға Халелден кейін жетекшілік етті деп қана қалдырғанбыз. Арада 22 жыл өткенде, «Егемен Қазақстанның» 100 жылдығы қарсанында зерттеуші Қазбек Құттымұратұлы бұл сауалға толық жауап беретін құнды мақала жариялады.

Ғасырлық жылнамасын жазған басылымға сол жылдары басшылық жасаған Т.Сафиев, Ә.Байділдин, С.Сейфуллин, С.Сәдуақасов, Т.Рысқұлов, О.Исаев, Б.Майлин, Ф.Тоғжанов, Ф.Мұсірепов сынды белгілі тұлғалар еді.

Солардың қатарына Халел Есенбаевты қосқан ізденісіміз жайын қысқаша баян еттік.

«Ұшқынның» алғашқы нөміріне қанат қақтырған адамның өмірбаяны, әuletтегі, қылыштыры туралы бұрын айттылмаған тың деректерді алға тартайтық. Эрі оқырманды мақалаға тақырып етіп қойған әuletтік мәртебенің сиріна қанықтыра кеткіміз келеді. Халелдің қайраткерлік келбеті сонау XIX ғасырдың алғашқы кезеңінен бастап ұлтына шапағаты тиғен бір үрім-бұтақтың өнегесімен қалыптасқан екен.

Кейінге көз салсақ, тарихы терең, тұлғалары тұғырлы Бекей ордасы өзінің құрылғанына жұз жыл толуын тағылымды бір бастамамен баянды етіпти. 1901 жылы Бекей ордасынан Ресей астанасына қазақ депутатиясы аттанды. Құрамында университет білімді, ғылым кандидаты лауазымды Бақтыгерей Құлманов, Бекей ханың немересі, Тәуке сұлтанның ұлы – Нұрмұхамед Бекейханов, ордадағы дәuletті тектен тарайтын Ибраһим Танашев бар қазақ өкілдігін II Николай патша қабылдайды. Бақтыгерейдің кейіннен Дума мүшесі, Алаш көсемдерінің бірі болғаны тарихтан аян. Ибраһим – Алаштың арысы Уәлитхан Танашевтің ағайыны. Нұрмұхамед – Құрманғазы оркестрін құруға тікелей атсалысқан атақты құйші Махамбет Бекейхановтың әкесі. Үшеуі де патша алдында қазақ атынан сөйлеуге қай жағынан да лайықты тұлғалар. Ал елшілік топтың төртінші мүшесі Мұхамеджан Есенбаев болатын.

Осы арада «Ұшқынның» алғашқы редакторының аты-жөнін – Халел Мұхамеджанұлы Есенбаев деп толық жазып қоялық!

Петербургке баратын адамдарды іріктеңенде таңдаудың бірі Мұхамеджанға тұсуі тегін емес. Ұлтына оқу-білімге жол ашқан Жәңгір ханың ісіне адал жұрты орданың ғасырлық белесін оқудағы қазақ жастарына ерікті түрде қаражат жинаумен атап өткен болатын. Астрахань губернаторы Газенкампф Петербургке жолдаған хатын: «По желанию киргиз испрашиваю разрешения ознаменовать этот день торжественным праздником и собранием добровольных пожертвований на стипендии киргизов, обучающихся в университетах, гимназиях, реальных училищах» деп бастаған екен. «Бекей ордасының құрылғанына жұз жыл толуына орай Петербургке баратын адамдар тізімін жолдауды парызым санаймын» депті губернатор одан әрі. Баратындардың бірі – Мұхамеджан Есенбаев.

Қазақ жастарының жоғары білім алуына атсалысып, өз тұсының озық ойлы адамы болған Мұхамеджанның ұлы Халел қазіргі Батыс Қазақстан облысының Қазталов ауданындағы Ағашүй ауылында 1892 жылы дүниеге келген. Орынбордағы Құсайын медресесіне түсіп, мұғалім мамандығын алды. 1913 жылы ауылға келіп, отыз бала жинап өз үйінен мектеп ашып ақысыз оқытуға кірісті. Бұл бастамаға әкесі Мұхамеджанның ықпалы болды. Елге сыйлы азаматтың шапағатын ауылдастары:

*Мұқатай – жомарт кісі ел агасы,  
Бар оның сегіз-тогыз ұл баласы,  
Ішінде оқығаны Халел болып,  
Жағымды жұртқа тегіс сол баласы.*

*Оқудан Орынбордан келісімен,  
Тегін мектеп ашыпты уй ішінен.  
Оқытты орысша да, қазақша да  
Кедейдің балаларын тегісінен, –*

деп өлеңге қосқаны да бар. Халелдің барлық анкеталарда мамандығым «мұғалім» деп көрсететіні осыдан. Ал балалардың білім алудына деген қамқорлық Есенбаевтардың одан да әрі заманнан келе жатқан әулеттік ұстанымы еді. Айтпақшы, алдына келіп тағзым еткен ордалықтардан император: «Өркениетті елдер мұндай белесті оқиғаларға арнап салтанатты қақпа, мұнаралы мешіт, тұғырлы ескерткіш тұргызып жатады. Ордада есте қаларлық қандай іс қолға алдындар?» деп сұрапты. Мұхамеджандар ағарту ісіне қайырымдылық қорына 40 мың рубль қаржы жинағандарын айтып патша алдында еңсесін тіктепті.

«Ұшқынның» көшбасшылары Тәмимдар мен Халелдің өмірбаяндары да егіздей үқсас. Екеуі бір өнірде бір жылда дүниеге келген. Құсайын медресесінен білім алған. Ордадағы ағартушылық, газетшілік қызметтері, жаңа заман орнату жолындағы іс-жігерлері де сан қылышады. Тіпті газеттің алғашқы редакторы екеуінің қайсысы деген тұжырымның өзінде бір-біріне жол беретін, кейде бірі алға шығатын әріптестік, бәсекесіз деректер қанаттасып отырады.

Тегі қарақалпақ Тәмимдардың арғы бабалары төрт тұтін болып Орталық Азиядан ауып келіп, Жәнгір ханнан қоныс алған. Содан бастап бекейлікте өсіп-өніп қазақ болып кеткен әулеттің ұрпағы. Ал Халелдің атalary бекейлікте сол тұста дәуірлеген.

«Әмірі күшті Алланың атымен және Бүкілресейлік императордың келісімімен мен, генерал-майор және кавалер, Астрахань даласын жайлаған Кіші жүз қазақ ордасының ханы, осы грамотамен қол астымдағы тама руның қенжебай бөлімшесінің старшыны Есенбай Қожабекұлына халық мұқтажына қайырымы үшін өз үйғаруыммен және бабаларымнан мирас еткен құқым бойынша өзінен тарайтын ер жынысты ұрпағына кететін тархан атағы беріледі. Мұхамед хижрасының 1258 жылы, Христің туған күнінен 1842 жылы, менің хандық етуімнің он сегізінші жылы Нарын құмындағы ордамда берілді.

Есенбай Қожабекұлының тархан атағына берілген бұл грамота Жоғары мәртебелі ханның кеңесесінде шығу кітабында 1842 жылдың 7 шілдесінде 1451 болып жазылды. Кеңсе бастығы Раевский».

Есенбай тархан есімінің құжатқа ресми түсуі ханның осы пәрменінен басталады. Орданың беделдісі бұл атаққа қатал қысты, жұтты да ызғырықты жылдары малына тегін азық үlestіріп, жанына ас-қорек ұсынып, халықты аман сақтап қалған ізгілігі лайық деп танылған. Сол еңбегі үшін 1839 жылы Петербургке патшаның таққа отыру ұлықтауына барғанда Анна ленталы алтын медаль алды.

Есенбайдың балалары Хайролла, Ғұбайдолла, Ғатаулла да әке үлгісінен айнымай халықтың мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстады. Ішкі орда шебінің депутаты Ғұбайдолла Есенбаев қазақтың игі жақсыларымен бірге 1860 жылы

Петербургке барды. Қазақ офицері Әлмұхамед Сейдалин тілмаш болып қостаған, астанада танысқан Шоқан Үәлихановтың бұлар туралы елге хат жазатын, орыс этнографы П.Небольсиннің «Саяхатшы қазақтар» («Русский вестник», 1860) деген мақаласына арқау болатын тарихтағы әйгілі сапар. Ығай мен сығайлардың бірге түскен суреті «Русский художественный листок» журналының 1861 жылғы 21-нөмірінде басылды.

Ғұбайдолла сол 1860-жылдары Ішкі орданың Қамыссамар бөлігінде мектептер ашып, 130 баланы тегін оқытты. Қазақша сауат ашуды, мұсылман қағидаларын үйрететін молда мұғалімдермен қатар екі орыс оқытушы алдыртты. Есенбай тарханның тағы бір ұлы Гатаулла қазақ балаларын оқытуға қамқорлықпен қоса мекендес отырған орыс селениесі балаларының оқуына жәрдемге деп өз қаражатынан мың күміс рубль ұсынады. «Я счель долгомъ принести изъ собственного достоянія своего, в пользу учебныхъ заведеній пособие в тысячу руб. серебром. Податель сего Внутренней киргизской орды Тарханский сынъ Гатаулла Исенбаевъ. – 14 марта 1860 г., гор. Уральскъ» деген қамқоршыл хаты бар. Қазақтың бұл мырзалығына казачество жазушысы И.Железнов шамданып, «Русский вестнике» мұқататыны, Салық Бабажановтың қазақты қорғап оған қарсы «Апелляция киргиза к публике по поводу статьи «Русского вестника» под заглавием «Киргизомания» атты мақала («Северная пчела». 1861. № 138) жазатыны тарихтан хабардар елеуметке белгілі жәйттер болса керек.

Халелдің туған атасы Хайролла Есенбаевтың да әulet дәстүріне адал болғаны оның ұлы Мұхамеджаннның қазақ жастарының мамандық алудына деген жанашырлығынан көрініп тұр. Қайраткер Халелдің «мамандығым мұғалім» деп айнымауы әuletінен дарыған қасиет. Ол шын мәнінде Қазақстанның халық ағарту ісінде елеулі із қалдырған тұлға. Жиырмасыншы жылдары Бөкей ордасында оқу-ағарту ісін жолға қойды, Орал губерниялық халық ағарту бөлімін басқарды. Отзызыншы жылдары Қазақстанның Халық ағарту комисариатында жаппай білім беру бөлімінің сектор жетекшісі болды. Арасында Қарағанды, Семей облыстарының білім беру бөлімдерін басқаруға жіберілді. 1935 жылы Қазақ Орталық Атқару комитетінің мүшелігіне сайланды. Қазақ мектебі үшін 1932 жылы жазған, латын әріпімен басылған «Бастауыш география және аймақтану» оқулығының авторы. Аталған оқулық бүгінде Алматыдағы Пушкин кітапханасының сирек кездесетін басылымдар қорында сақталған. Темірбек Жүргеновтің халкомдығы тұсында комисариаттың жоспарлау-қаржы басқармасын басқарды. Жүргеновпен бірге тұтқындалуында сол жылдары комисариаттың «Шаннама» секілді шығыс шедеврін, ұлт тарихына қатысты еңбектерді жаздыруға қаржы бөлінуі де себеп болса керек.

Халел Есенбаев 1937 жылдың 15 желтоқсанында тұтқындалып, 1938 жылдың 3 наурызында «Горячев тізімі» бойынша атылды. 1957 жылы ақталғанда 1942 жылдың 3 наурызында қайтыс болды деген бүрмаланған куәлік жазылды.

Халелдің өз әuletі туралы бірер сөз. 1922 жылғы анкетасында айтылған үш қарындасының тағдыры да өнеге болардай. Үлкен қарындасы Гүлмай –

белгілі заңгер Гаппас Жәнібековтің, ортаншысы Райхан – әйгілі кавалерист, мемлекет және қоғам қайраткері Хамит Чуриннің, кішісі Мұнира – арқалы ақын Тайыр Жароковтің қосағы болып, белгілі әuletтердің ұрпағын жалғады. Халелдің қызы Шолпан – мемлекет қайраткері, Қазақстан КП Орталық комитетінің екінші хатшысы Сағидолла Құбашевпен отбасын құрды. Ұлы Нариман Қазақ КСР Тамақ өнеркәсібі министрлігінде лауазымды қызмет атқарды.

Бүгінде әйгілі мұсінші, профессор, «Тарлан» сыйлығының лауреаты Асқар Нариманұлы Есенбаевтың атағы алысқа әйгілі. Халелдің туған немересі.

1919 жылдың желтоқсанында Х.Есенбаев пен Т.Сафиев бастаған ордалық газетшілер аты сәулелі, заты ұлтжанды «Ұшқынның» төбесіне бұрынғы «Қазақстанның» рухани жалғасы, әріп-жабдығын өздері Орынборға бірге ала келген «Дұрыстық жолының» ұраны – «Бүтін дүние бейнетқорлары, бірігіңіз!»-деген сөзді сол қүйі өзгертпей жазып, жаңа басылымға ақжол ашты. Бірлікке, ізгілікке үндейтін осы тіркесті келе-келе үстем де төңкерісшіл: «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіндер!» деген әмірлі шақыруға айналдырған кеңестің саясатынан әлі алда, елдің жайын мұндаитын газет шығарып, жүз жылдық жылнаманың алғашқы қадамын бастады. Оның бастауында ағартушы-қайраткер, тұңғыш қазақ басылымдарының ізашары, тархан текті тұлға Халел Есенбаев тұрды.

**Тілекқабыл БОРАНҒАЛИҰЛЫ,**  
журналист